«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
вице-министрі
_____Э.Суханбердиева
« 30 » мамыр 2019 ж.

Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
«Қазақ тілі» пәнінен 9-сынып оқушыларына арналған
тест спецификациясы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған құжат.

1. Тест мақсаты: 9-сынып оқушыларының «Қазақ тілі» пәні бойынша дайындық деңгейлері мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

2. Тест құрылымы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде – 30%, орташа деңгейде – 50%, жоғары деңгейде – 20%.

Базалық деңгей: мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру.

Орташа деңгей: мәтін атауын талқылау және көтерілетін мәселені болжау; мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; мәтін бойынша детальді ақпаратты анықтау; мәтін мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; материалдар негізінде ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтау.

Жоғары деңгей: мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру; мәтін үзіндісі арқылы оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.

Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдерін пайдалану, жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөле білу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау.

Тест білім алушының коммуникативті-тілдік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін бағалауға бағытталған екі бөлімнен тұрады. Тапсырмалардың жалпы саны – 15.

I бөлім – «Тыңдалым»

«Тыңдалым» бөлімінде берілетін мәтін саны - 1. Мәтіндегі сөз саны 200-ге дейін. Мәтін мазмұны бойынша берілетін тест тапсырмасы – 5. Тест тапсырмасының формасы – бір дұрыс жауапты.

Тыңдалымға ұсынылған мәтін 2 минуттық үзілісті сақтай отырып, 2 қайтара жазылады.

II бөлім – «Оқылым»

«Оқылым» бөлімінде берілетін мәтін саны - 1. Мәтіндегі сөз саны 250-ге дейін. Мәтін бойынша берілген тест тапсырмаларың саны – 10: мәтін мазмұны бойынша – 5, әдеби тіл нормалары бойынша – 5.

3. Тест мазмұны

Тест мазмұны «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасын меңгеру талаптарын (тыңдалым, оқылым, әдеби тіл нормалары) бағалауға бағытталған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Мақсаты
			I бөлім «Тыңдалым»		
01	Мәтінмен жұмыс Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Киіну. Сән.Талғам. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі. Адамның сырт келбеті мен мінезі. Саяхат және демалыс. Қазақстандағы көрікті жерлер. Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Әлемнің жеті кереметі. Тарихи тұлғалар. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрлері. Денсаулық – зор байлық. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Қазақстандағы ұлттар достастығы. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. Қоршаған орта және энергия ресурстары.	01	Тыңдалым	01	**Болжау.** Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау; мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;
				02	**Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау.** Әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндер дегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемде гіш құралдар дың рөлін талдау
				03	**Мәтіннен ақпаратты анықтау.** тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау, факті мен көзқарасты ажырата білу, ақпараттан астарлы ойды анықтау, ақпаратты өмірлік мәселелер мен байланыс тыра білу
				04	**Мәтіннің негізгі ойын анықтау**. Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау,
				05	**Мәтін мазмұны бойынша жауап беру және бағалау.** Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беріп айту
			I бөлім «Оқылым»		

02	Театр өнері мен мәдениеті. Мәңгілік Ел – мұратым. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. Отбасы және демографиялық өзгеріс. Бұқаралық ақпарат құралдары. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.	01	Оқу сауаттылығы	01	**Мәтіннің мазмұны бойынша ақпаратты түсіну.** Тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба; сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру
				01	**Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану.** Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылық тарын мәтіндер арқылы тану; ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшелікте рін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; публицистикалық және ғылыми стиль ерекшелікте рін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
				02	**Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату.** Хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелікте рін ажырату; мақала, аннотация, презентация,тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелік терін ажырату
				03	**Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау.** Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
				04	**Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу.** Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру; мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру
		02	Орфографиялық норма	01	Қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, үндестік заңы, емле заңдылықтары; Жеке, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер

				02	Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу
				03	Бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу
		03	Орфоэпиялық норма	01	Ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал; Сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін
				02	Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану
				03	Әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
		04	Лексикалық норма	01	Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним; көнерген сөз, эвфемизим, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздер
				02	Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану
				03	Сөздік қор мен сөздік құрам; лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану
		05	Грамматикалық норма	01	Туынды сөздер, күрделі сөздер, зат есімнің мағыналық түрлері, сын есім, шырай категориясы, сан есім, мағыналық түрлері, төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі; есімдік, етістік, етіс түрлері, салт және сабақты етістік, үстеу, үстеудің мағыналық түрлері
				02	Есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлері, еліктеу сөздер, шылау түрлері, одағай, оқшау сөздер
				03	Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі; құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу, салалас құрмалас

					сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану
		06	Пунктуациялық норма	01	Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану; қазақ тіліндегі тыныс белгінің түрлері, даралаушы тыныс белгілері
				02	Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану
				03	Қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері; құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

«Қаза тілі» пәні бойынша 9-сынып оқушылары:

1) сөйлеу тәртібінің, бағалаудың ашық және жасырын берілген түрлерін талдай отырып, тілдесуге арналған түрлі саладағы мәтіндерді түсінеді; дайындалған және дайындалмаған монологтік және диалогтік, оның ішінде коммуникацияның әртүрлі мақсаттарына қол жеткізеді; өзінің көзқарасын білдіре отырып, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты талдайды және сыни тұрғыдан бағалайды; мәтіннің мазмұнын болжайды; стилистикалық дифференциацияны есепке ала отырып, тілдік бірліктерді қолдану құрылымы мен нормаларын сақтайды;

2) түрлі типтегі, стильдегі және жанрдағы, оның ішінде ғылыми-техникалық тақырыптағы мәтіндердің мазмұнын түсінеді және түсіндіріп айтып бере алады; мәтіннің жасырын мағынасын және мәтінге енгізілген көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін анықтай алады; күрделі мәтіндердің тілдік, композициялық және жанрлық ерекшеліктерін айқындайды; оқырман алдында қойылған міндеттерге байланысты оқудың түрлі стратегияларын пайдаланады; ақпараттық іздеу жүргізеді, қажетті ақпаратты іріктейді және өңдейді; әртүрлі жанр мен стильдегі мәтіндердің композициялық, лингвистикалық, жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін салыстырады; қорытынды жасай отырып және шешу жолдарын ұсына отырып, проблемалық мәтіннің мазмұнын сыни тұрғыдан бағалайды.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы тесттің бағалануы

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Максималды бастапқы балл	
			Бір тест тапсырмасы үшін	Жалпы тест үшін
I бөлім «Оқылым»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	1	5
II бөлім «Тыңдалым»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	1	10
Барлығы:		**15**		**15**

6. Тестті орындауға жұмсалатын уақыт

Тест бөлімдері	Тест тапсырмасының формасы	Тест тапсырмасының саны	Тест тапсырмасының орташа орындалу уақыты (мин)	Орындауға жұмсалатын жалпы уақыт (мин)
I бөлім «Тыңдалым»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	5	3*	15
II бөлім «Оқылым»	Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған	10	2**	20
Барлығы:		**15**		**35**

Ескертпе:

* «Тыңдалым» бөліміндегі бір тест тапсырмасын орындау уақыты мәтіннің үзілісті сақтай отырып, 2 қайтара тыңдалу уақытын ескере есептелген.

** «Оқылым» бөлімінде бір тест тапсырмасын орындау уақыты мәтінді оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.